

**ТАҚЫРЫБЫ: «ЕРТЕГІЛЕР ҰЛТТЫҚ
ДӘСТҮР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫ
ЖЕТКІЗУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ»**

- ▶ Ертегілер өмір барысында тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады, шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді.
- ▶ Қазақ ертегілерінде хандық заманның шындығы, сол шақтағы әдеттер мен нанымдар, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан. Осы ауызша әңгімелері, ертегілері арқылы еңбекші халық бақыт туралы, еркін өмір жайлы, мекен туралы үміт, армандарын баяндайды.



**СЫНЫ
БҰЗЫЛМАҒАН САЛТ**



«Ертегі» халық арасында кең таралған ұғым. Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрінде ертегі ерекше орын алған, алады да. Ертегі көбінесе халықтың тұрмысы, кәсібіне байланысты, қоғам өмірінің шындығынан туындаған. Ертегі арқылы балаға «жақсыдан үйренуді, жаманнан жиренуді» үйреткен. Ертегі айту балалардың сөздік қорын байытуға, ауызекі сөйлеуге, ойлау қабілетін дамытуға ықпал еткен. Қазақ ауылдарында ертегі айтатын адамды жоғары бағалаған. Ертегінің мазмұнына аса жауапкершілікпен қараған. Қазақ халқының ертегілерінің мазмұнына үңілгенде, бір жаман ой, жаман сөзді кездестірмейміз

- ▶ Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде кейіпкер ретінде төрт түлік малдың ішінде көбінесе жылқыны қасиетті жануар деп санаған. «Ер Төстік» Шалқұйрық, «Керқұла атты Кендебай» ертегілерінде тұлпар кейіпкері «айшылық алыс жерлерден» үнемі көмекке келетін дос, ақылшысы ретінде сипатталады. Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар кейіпкерлері мейрімділік пен жанашырлықты, достықты насихаттайды. Сондай-ақ, «Тазша бала» ертегісі ақылдылыққа алғырлыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Ақыл-парасатымен қиындықты жеңіп шығып, әділеттілік орнатады. Осылайша, халық даналығы ұлтты тәрбиелеген. Нәтижесінде, бір сөзді, турашыл, өтірік айтпайтын, елжанды адам қалыптасқан.









- ▶ Қорыта айтқанда, балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде ертегілердің атқаратын рөлі зор. Қазіргі күні балаға жырды айтпасақ та, ең болмаса баланы ертегілерден кенде қылмауымыз керек. Жаны жайсаң, тұлғалық қасиеттері мол адам-ұлттың тірегі. Біздің болашағымыз.

